

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ
МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ
№ 213 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

«Бірінші тәуелсіз тіркеуші» акционерлік қоғамы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасының 2010 жылғы 04 маусымдағы № 84 қаулысымен «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Тіркеуші) 2005 жылдың 08 сәуірінде бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметімен айналысуға Агенттікпен берілген № 0406200360 лицензияның қолданылуын үш ай мерзіміне тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру Тіркеушіге қабылданған шешімді жеткізген күннен бастап есептеледі, яғни 2010 жылдың 08 маусымнан бастап.

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға Тіркеушінің жарғылық капиталының 2009 жылдың 1 қаңтар нақты уақытқа дейін «Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берушінің және лицензия негізінде бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның жарғылық капиталының барынша төмен мөлшері туралы» Қазақстан Республикасы Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 197 Қаулысымен бекітілген, талаптарға сай болмауы негіз болды.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – БҚН туралы Заң) 67-бабының 5-тармағына сай лицензияның қолданылуы бір айдан астам мерзімге тоқтатыла тұрған, сондай-ақ лицензиядан айырған жағдайда бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бұзылатындығына назар аударамыз.

Сонымен қатар, БҚН туралы Заңы 68-бабының 4-тармағынмен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бір жақты бұзылған жағдайда құжаттар мен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін қалыптастыру және жаңа тіркеушіге өткізу шартты бұзуға бастамашы болушының есебінен жүзеге асырылатыны бекітілген.

Сонымен бірге тіркеуші лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда тіркеуші шартты бұзудың бастамашысы деп танылады.